

ПРОФЕССОР С.Ж. ЖОЛДАСБАЕВ
26.05.1936 – 27.03.2021

2021 жылдың 27 наурыз күні елімізге белгілі археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сәйден Жолдасбайұлы Жолдасбаев 85 жасқа екі ай жетпей өмірден озды.

Сәйден Жолдасбайұлы 1936 жылы 26 мамырда Алматы облысының Ұйғыр ауданындағы Үлкен Дихан ауылында көп балалы отбасының тұңғышы болып дүниеге келеді. 1955 жылы Кіші Дихан ауылындағы он жылдық мектепті бітіріп, 1955-1958 жылдары әскери борышын өтеп келіп, 1958-1963 жылдары қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (бұрынғы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті) тарих факультетінде оқиды.

С. Жолдасбайұлының археолог болуына қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби археолог Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев көп ықпал жасайды. Ұстазы Ә.М. Оразбаевтың ғылыми жетекшілігімен «Қазақстанның қола ғасыры» атты тақырыпта диплом жұмысын қорғайды. Туған ауылында бірнеше жыл бойы мұғалім болып жұмыс істеп, 1968 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтының аспирантурасына қабылданады. Ол 1969-1975 жылдары нағыз археологиялық мектепте шындалады. Бірнеше кешенді археологиялық экспедициялар жұмысына қатысады. 1975 жылы атақты археолог К.А. Ақышевтың жетекшілігімен «XV-XVIII ғғ. қазақтардың материалдық мәдениеті» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғайды.

С. Жолдасбайұлы 20 жылдан астам уақыт бойы Жетісу өңіріндегі 250-ден аса қыстау-тұрақтар мен 400-дей қоныстарды зерттей келе, 1997 жылы «Жетісу аймағындағы елді мекендер мен тұрақ-жайлардың даму тарихы және олардың



экономикалық тиімділігі (XVI-XVIII ғғ.)» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғап шығып, көп ұзамай профессор атағын иеленеді. Профессор С. Жолдасбайұлының зерттеу жұмыстарының негізгі өзегі «қазақтар көшпелі болған» деген тұжырымды жоққа шығаруға және қазақ халқының шаруашылығы кешенді болғанын дәлелдеуге арналды.

С. Жолдасбайұлы 1978-1980 жылдары қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде, 1980-2002 жылдары әл-Фараби атындағы

ҚазҰУ-дың тарих факультетінде ұстаздық қызметте болады. Осы жылдары біздерге мамандық бойынша арнайы курстар оқып, оның жетекшілігімен «Ежелгі үйсіндер» атты тақырыпта диплом жұмысын қорғадым. Ал 2002 жылдан күні кешеге дейін С. Жолдасбайұлы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Қазақ-Түрік университетінде «Археология және этнология» кафедрасының меңгерушісі, одан кейін Университет жанындағы Археология ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметін атқарды.

Профессор С. Жолдасбайұлы жалпы саны 250-ден аса ғылыми жұмыстардың авторы. Оның ішінде 9 монография, 34 оқулық пен оқу құралдары, ЖОО студенттері мен орта мектеп оқушыларына арналған Қазақстан тарихы пәнінің оқулықтары бар.

Профессор С. Жолдасбаевтың артында мол мұрасы қалды. Оның есімі еңбектері арқылы ел есінде мәңгі сақталады. Марқұмның отбасына, туыстарына, әріптестері мен шәкірттеріне көңіл айта отырып, топырағы торқа, жаны жанатта болсын демекпіз.

Кәрібаев Берекет, ҚРҰҒА академигі,
тарих ғылымдарының докторы